**Қазақстан Республикасы мен "Айзенберг" компаниялар тобы арасындағы қатынастарды реттеу жөніндегі мәселені қарау үшін жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 19 наурыз N 15-ө

Қазақстан Республикасы мен "Айзенберг" компаниялар тобы арасындағы қатынастарды реттеу жөніндегі мәселені қарау мақсатында:

1. Мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Нұркиянов Төлеухан Мұратханұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі, жетекші

Елекеев Ирак Қасымұлы - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, жетекшінің орынбасары

Әкежанов Қуат Балқашұлы - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Мемлекеттің мүліктік құқықтарын қорғау басқармасы бастығының міндетін атқарушы

Косицын Владимир Иванович - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті егіншілік және мелиорация басқармасының бастығы

Болатбекова Гүлбағила Қоңырбайқызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қарыз алу департаменті рейтингілік агенттіктермен және халықаралық қаржы ұйымдарымен жұмыс жөніндегі басқармасының бастығы

Шнайдер - Қазақстан Республикасының Сыртқы

Сергей Андреевич істер министрлігі Экономикалық
саясат департаментінің үшінші
хатшысы

Сахари - Қазақстан Республикасы Ауыл
Дидар Белгібайұлы шаруашылығы министрлігінің
Құқықтық және ұйымдық жұмыс
департаменті құқықтық сараптама
бөлімінің бастығы

2. Жұмыс тобы 2002 жылғы 5 сәуірге дейінгі мерзімде "Айзенберг" компаниялар тобының өкілдерімен келіссөздер жүргізсін және Қазақстан Республикасы мен "Айзенберг" компаниялар тобы арасындағы қатынастарды реттеу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК